АКАДЕМИК

Қуаныш СҰЛТАНОВ,
сенатор.

Бір кезде доктор, профессор, академик деген ғылымы лауазымдарға өте сирек тұлғалардың ғана қолы жететін. Ал қазір көптеген қоғамдық академиялар құрылғалы да, көптіреулер оп-оңай академик атанып шыға беретін де болды. Тіпті экономикаңыз кез келген саласының қоғамдық негізде өз академиясы бар. Көз жұмғызғаратын күлкіге, дипломдары жасалады. Қоғамның, ғылымның дамуында мүмкін мұндай жағдайдан да өту керек шығар. Белгісіз, алжуаз университеттерден қаптап кетсе, кез келген ақынды адамның ешкімді қызықтырмайтын, өзінің отбасының басқа ешкімге қажеті де жоқ өмірін кітап жазғызатын сияқты әлдекімдей түсінікті құбылыстар да жүре-жүре сұлдеті құрыған сездей сіңіп тынышыр.

Қазақ халқының санасында академик — аса ғұлама, білгір, біліпмаз, көрегең, жаңашыл, жасампаз, жол бастаушы, табиғат, қоғам, қоршаған орта құпияларының кілтін тауып, көріп, сезініп, солардың сырын ашушы ерекше жаратқан тұлға. Тегінде, академик деген лауазым ерте заманнан бері, әсіресе Грекия, Италия өңірлерінен XIV-XV ғасырларда қайта өрлеу дәуіріне тығыз, өнер саласын дамытуға қосқан елеулі еңбегі үшін берілген жоғарғы ғылыми қоғамдық мәртебе. Қандай өрекпіген кеудемсоқтық болса да халықтың танып, біліп, құрметтейтіні — нағыз Ғалым.

Бір кезде қазақ жеріңде де Қаныш Сәтбаев бастаған нағыз ғалымдар жиналып, Ұлттық ғылым академиясын құрған. Біздің өңіріміз де сол Ұлттық академияның көрнекті мүшесі — академик Кенжеғали Сағадиев жайлы болмақ. Өйткені, біздің кейіпкеріміз жастайынан ғылым жолын қуған, оның барлық "тар жол, тайғақ кешуінен" өте жүріп, өз соқпағын тапқан, көп зерттеуден шұғылданған, қоғамға қажетті ғылыми еңбектер жазған, бүкіл өмірін ғылымға арнаған нағыз классикалық үлгідегі ғалым. Кенжекең қазақ ғылымының шаңырағын көтеріп, оның ішін жайнаған толтырып, жетістіктерін өлемге танытқан ғалым ағаларының тағиғи жалғасы, ғылымның қоғам құбылыстарымен үйлесімділігінің табысты үлгісі, жаңа ізденістің бағдаршысы.

Кенжеғали Әбеңұлының өмір жолы "ұлтық өркендеу", "ұлттық бірлік", "ұлттық намыс" ұғындарын өмірлік мақсат тұтып, қазақстың тәуелсіз ел, іргелі мемлекет дәрежесіне жетікізбек жолында құрбан болған қазақ зиялыларын жаппай қырғын, сүргіне ұшырап, алты атылып, соңы Сталин лагерьлеріңде азап шегіп жүрген сұрапыл жылдардан бастау алады. Қиын, қилы заманда туғандықтан ба, сол жылдары дүниеге келген қазақ балалары бойларына ұлттық намыс толтырып, өмірге деген ерекше талпынысын, еңбеккорлығын көрсете алды. Әр жылы дүниеге келген адамдар өз қатарларымен тұтас бір ұрпақты құрайды. Әр ұрпақтың өз тағдыры, өмірлегі өз міндеті, өз үлесі бар. Бізден бұрын өткен қай ұрпаққа болса да құрметпен қарау алдымен біздің адамгершілік, адалдық, зеректік қасиетімізді торбіледі, рухани мәдениетімізді, таным санамызды тұрақтандырып, жалғастыру арқылы ұлт тұтастығына септігін тигізері де анық. Бізің кәсіпілігіміз 30-шы жылдары туған азаматтардың дені сол жылдары жазықсыз құрбан болған ағаларына толық қазақ зиялыларының орнына келген тобау ұрпақтай көрінуі тегінен тегін емес шығар.

Кенжекең, — сол ұрпақтың бел баласы.

Соңғы жұз жылдың алапат дүниеге келіп, қазақ қоғамына араласқан қазақ зиялыларының алғашқы толқыны өз өмірлерінің де, іс-әрекеттерінің де қысқа мерзімділігіне, қоғам қайшылығының мол болғанына, империяның қатаң жойқындылығына қарамастан, болашақ ұрпақтың ұлттық сана-сезімінің өсуіне, рухының күшеюіне орасан көп еңбек сіңіріп кетті.

Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды ардақты жұлдыздар шоғыры бастаған алғашқы толқын рухани ағартушылық қызметті тек тілек дәрежесіне ғана емес, өздері ұйымдастырушы, атқарушы болып, мемлекеттік, қоғамдық, саясат дәрежесіне дейін көтерді. Халықтың санасын өсіріп. Дүниетанымдық жүйесінде білімдік санатқа қосты. Өркениет үлгісіндегі ғылым, әдебиет, мәдениетті дамытуға жол тартып, төрелісіздіктің ұждының көтерді. Екіншіске орай, осындай озық ой-пікірлері, сана тендігін сезінулері үшін өздері аяусыз қуғын-сүргінге ұшырады. Құрбан болды. Жойылды. Қырылды. Олардың еңбектері, рухани өркендеу, білім, сана, тағылым, мәдениет, ғылым қоғамда тірнектеп жинаған асыл мұралары төрткілеңіп, қоғамнан алаастатылды. Көпшілігі із-түзсіз жоғалтылды. Тек ұлттық, мемлекеттік төуелсіздік дәуіріне жеткен тұста, яғни жаңа заманда ғана бұ тарихтың солай болған ышқындығын айту мүмкіндігіне жетіп отырмыз.

Одақтық биліктің күштеп жүргізген зұлмат саясатының салдарынан ұлтымыз қасіретке ұшырағаң аузар оқиғалар да бізің өсу тарихымыздың үлесіне тиді.

Сол оқиғалардың алапаттысының бірі — бұрынғы Кеңес Одағында 1928-1932 жылдары жүргізілген ерлі жаппай мәжбүрлеп ұжымдастыру жылдары аштықтан 1,5 миллион қазақтың қырылуы мен тоқтаттырып, бізіңің қасымның шыдамай, тұған жерлерін тастап, басқа елдеп пана іздеп, үдере көшкен 1,5 миллион қазақ ұлтының босқындыққа ұшырауы болды. Екіншісі — осы зобаланның кейін, 1937-1938 жылдары елдің есін жинауға мүмкіндік бермей, ел арасынан "халық жауларын" ашкерелеу науқанының 120 мыңнан астам жазықсыз адамдарды құрбандыққа шалып, жаңа шекіргені.

Кенжекең — қиын заманда туып, жинкенттік арпалысты есейіп, қоғамға ұзақ жауапкершілікпен аралаққан серпін ұрпақтың көрнекті өкілі.

Тарихи сахнаға алғашқы болып шыққан көптеген қазақ зиялыларының екінші буын өкілдері Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Дінмұхамед Қонаев, Ғәбит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы және олардың замандастары ағаларынан дарынан өнегесін халқына мейлінше жеткізіп, қазақ рухани мәдениетін жаңа айрықша сатыға көтеру бақытына ие болды. Қазақ халқының жаппай орта білім алуға көшуі, денсаулық сақтау жүйесінің құрылуы, қазақ ғылымдары, киностудия, университет, опера театры, симфониялық оркестрі, консерватория. Ғылым академиясының құрылуы қазақ интеллигенциясының осы екінші толқынының қайраткерлігі тұсында дүниеге келді. Әрине мұндай ренессанстық оқиғалар бүкіл қоғамның рухани мазмұнын, оның дүниетанымын өзгертуде теңдесі жоқ іс аткарды.

Кенжекең — сол асыл буын — Ата ұрпақтың гибратты өкілдерінің алты алаканынан қамқорлық көрсеп, олардан дәріс алып, тәрбиелеріумен дамдес те болған ізбасары, екі дәуірдің ортасындағы алтын көпірдің бір асыл діңгегі.

Кеңес заманындағы сияси науқандардың шарпуы миллиондаған адамдардың тұрмысына, өсіп-өнуіне, олардың дүниетанымына, мінез-құлқына, адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуына, өмірге көзқарастарына зиянды ықпалын да тигізді. Тек қана мемлекеттік меншіктің адамдардың жауапкершілігінің босаңсыған туындағы. Өздігінен тіршілік көрі алмай "ұлмет ортіреос" деген бажарлық жайлады. Әсіресе "халық жауларын" ашкерелеу науқанының зардаптары ұзаққа созылды. Науқан тоқтатылғанымен, қоғамда күдіктілік, сенімсіздік, бірін-бірі бақастықпен аңдушылық, аяқтан шалушылық, қорқыу мүдделін қорғаған болып, бірбіріне қинят жасаушылық, өкіншіке орай, қинпама қырқылып, тамырымен жұлынып жатса да өле қоймайтын арам шөп тәрізді. Көрінбей жайылып, бір кезде қауіпті көтеріліп, шауып тастаған сөң қайта басылып, бірақ түбегейлі жойылып кетпей жүрген.

Кенжекең жастайынан қоғамдағы осы дерттерге жаны қас тұлға болып қалыптасты. Ол өзінің тандауы Соғған дайын-далды. Мақсат тұтты. Соның әсері болар — 1955 жылы сол кездегі жалғыз университет — бүгінгі Әл-Фараби атындағы жоғары оқу орнының экономика факультетіне оқуға түсіп, үздік дипломмен бітірді. Кенжекеннің табиғи бойына бітken ізденгіштігі — көп ұзамай оны Мәскеудегі Г.В.Плехановтың атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасына жеткізеді. Ол оқуды да аспирант Сағадиев үздік тәмамдап, "Одақтас республикалардағы күрделі құрылысты материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми атақ алып шықты.

Кенжеғали Әбеңұлы бала кезінен қағылез, алғырлығымен, зеректігімен көзге түсетін. Оқушы, студент, аспирант кезіндегі білімге құштарлығы, жаңалыққа құмарлығы, оқығыштығы, ізденгіштігі, өмірде болып жатқан құбылыстарға сезімталдығы, қоғамда сапырылысып жатқан өзгерістер, жаңа үрдістер, екінші жағынан, ғылыми күштерді және мемлекеттік мүдделіне жұмылдыру, ғылымды дамыту, ұлттық қазынаны Ғылым өркендеуінің орнықты беделін қамтамасыз ету, оның материалдық базасын іргетасын қалау, жоғарыдағы тұлғалық сапалардың барлығы Ұлтың, үрбей білім, ғылым, мәдениет, өнер, басқа да әлеуметтік мәселелердің хал-ахуалына шұқшия мән беріп, танысып, сараптап, маманданды, сол саланың көрнекті тұлғаларын сыртынан білш, бақылап, кейде танысып, ой бөлісіп жүретін. Осық ойлы, жаңашыл адамдарды алыстан танып, ретті кезіңде адалдап есіп-өнуіне, жұмыстарының табысты болуына қолғабыс тигізіп жіберуден тартынбайтын. Әсіресе, өз республикада бірінші басшы болғанынан кейін өзінің төңірегіне, жалпы жас мемлекеттіміздің жауқты құрылымдарының басшыларына қаншама білікті мамандарды, төңіріне белсенділерімен қоса болашақта ғылым жолын ұстамтын жастарды жинағаны бәрімізге мәлім. Кезінде менен "Целиноградта Сағадиев деген мықты ректор бар" деп кон адам айтады, танисын ба?" — деп сұрағаны есімде. Атын естіп, сырттай, елдің жақсы сөзінен білгенім болмаса, ол кезде көзбе-көз танымайтынымды айтқам. Кейін скеуінің өте жақсы таныс, шіқірес, әріптес, замандас болғандарының куәсі болдық.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік экономикалық стратегияны, одан әрі дамытуды қолға алғанда академик Сағадиевтің ұсыныс-пікірлерін де айрықша мәпсі берген. Оның жазған ақпараттарын, сараптамаларын, ұсыныс-пікірлерін зер салып, мұқият оқиды. Әсіресе Ғылым академиясының жаңа міндеттері жайлы толғаныстары мен әңгімелері көптің көкейінен шығатын. Сағадиев академияға президент болған жылдары үнемі Елбасының қолдауын сезінін, қызмет жасады. Қысқа мерзімде академик Сағадиевтің ұсынысымен "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды әлеуметтік қолдау туралы" республика Президентінің Жарлығы жарияланды. Бұл құжат сол кезде академия өміріңде маңызды қызмет атқарды. Кенжекең Әбеңұлы өз қызметінде ғылымның елімізің экономикалық қуатын дамытуға, материалдық-техникалық базасын арттандыруға, мәдениетінің өркендеуіне ықпалын күшейтуге мейлінше көңіл бөлді. Жас ғалымдарды қолдады. Оларға әлеуметтік жағдай туғызып. Сол жылдары экономикалық кыңдықтарға қарамастан, маңызды деген салаларда төрт жаңа ғылыми-зерттеу институттары ашылды. Солардың бірі — Қарағанды қаласында жұмысын бастаған фитохимия институты бүтін мемлекеттімізідің ғана емес, ТМД елдерінің көпсіпілігі ірелі ғылым ордасы болып, ел игілігіне татынды қызмет етуде. Химия ғылымының докторы, профессор Сергазы Әдекенов бастаған ғалымдар тобы өздерінің ғылымда ашқан жаңалықтары үшін өткен жылы Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

Кенжекең Әбеңұлы мінезінің байлығымен кімнен болса да, қандай шымырқанған бізік болса да тіл табысуға, сол арқылы қоғамдық, қоғамға пайдасын тигізерлік шешімдерге келісуге жол таба алатын басшы. Бірақ, ғылымның, әсіресе фундаменталдық ғылымның ешқандай сансатқа, ешқандай қоғамдық құбылысқа байланысты болмауын дәлелдеуде, шыдалқты, әділдікті айтуда өзінің ұтылар жеріңе де пікірін өзгертпек емес.

Сексеннінші жылдардың екінші жартысында республика басшылығына Ғ.Колбин келгеннен кейін, қазақ "ұлтшылдарымен" күрес қайта басталып, жаңа кезең алған. Қазақ интеллигенциясын жіпке, жерге, өңірге бөліп, бір-біріне қарсы қою әрішелене өріс алды. "Мен" деп жүрген кеп азаматтар сол шарпуға елеңдеп, "осіп қалам ба" деп "ұлтшылдардың" үстінен "ошкерелеуші" арыздар тасқынын тоғытып, мансаптарға ие болып, моз болысты. Кенжекең де Мәскеуге шақырылды. СОКП Орталық Комитетінің Қазақстан секторының меңгерушісі Н.Мишенко бұл кісімен үш сағатқа жуық "торбіе" жүргізіп жүртшы. Әуелде "Қазақстанда ұлтшылдық жайлап барды, басшылардың арасында қазақ көбейіп кетті" деп жазғ деді. Бұл — келіспеді. Ондай жазмасқы тәсілдеп үйдіқесілді бас тартты. Амалы таусылған "ұрлаық" сосын "Сен басқаратын институтта қазақ балалары көбейіп кетті", — деп шұйлікті. "Енді олар қайда оқуы керек?" деп тағы қарсыласты. Дәлелдеді. Ақыу тіксеріе қара тапады. Ректорға ешкімді қаралаған хат, епкіндай қағаз жазбыра алмай мысы құрыды. Нотижесінде Сағадиев өуелде ұсынылған лауазымды партия қызметтеріне жіберілмеді. Есесіне ел арасындағы абыройы өсті.

1986–1987 жылдары, кейбір мансапқорлар ешкім сұратпай-ақ өздері "қырағылық" көрсетіп, жазып жаткында мұндай жоғары биліктің мұқыма көңбегеп лауазымды қызметкерлер сирек қана болған.

Қазіргі кездегі дүниежүзілік, ғаламдық үрдістердің сырт қалу — өсіресе ғылым үшін оның өшек түгіл өшуімен тең болмақ. Бізің заманның ерекшелігі де сонда. Төуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізің басты алуы да ғалымдық ғылым мен жаңа технологияның ғылмат жарылуымен тұспа-тұс келді. Жаңа мемлекет құру міндетінің бірден бір маңызды тармағы, бірінішіден, оның (мемлекеттің) құрылысының ғылыми негізде жүргізілуі болса, екіншіден, жас мемлекеттің сапалы бізімсіз, тиянақты ғылымсыз өркендей де алмайтынын ескеру қажеттігі. Өркениет тарихынан қандай да мемлекеттердің егер олардың білімі, ғылымы дамыған жағдайда ғана көгеріп, көктей алғандығын білеміз.

Кенжекеңің Әбеңұлының ғылым еңбектері республикала ғана емес, көптеген шет елдердің экономика саласының мамандарына танымал болды. Оның экономикалық проблемаларға арналған сөздері, қазақ, орыс тілдерінді еңбектері ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылып, халықаралық экономика ғалымдарының бедеулді пікірнс ие бола алды. Академик Сағадиев Пәкстан ұлттық академиясының, АҚШтың Нью-Йорк академиясының, Халықаралық жоғары мектеп академиясының мүшесі болып сайланғанды — сөз жоқ қазақтың, қазақ ғылымының мәртебесі.

Көзін білімпен ашып, бүкіл өмірін ұстаздыққа, ғылымның дамуына арнаған Кенжекеңің Әбеңұлы қай жерде, қандай қызметте жүрсе де мемлекетке ғылымның аулай қажеттілігін айтып, долелдеуден жалыққан емес. Соның айғағындай мерзімді баспасөзде академик Сағадиенің салиқалы ой, салмақты ұсынысты арқау еткен ғылыми мақалаларының толассыз жариялануы, том-том шығармаларының жарық көріп жатқанын айтсақ та жеткілікті. Мемлекеттің экономикалық стратегиясын бастап, ұлттық теңгенің енгізілуі, мемлекет пен кәсіпкерлердің жылық жағдай, орта және шағын бизнес, салық, шикізаттар өндірудің жаңа технологиясы, жалпы ішкі өнімнің осу қозделі, әлеуметтік мәселелерді бүкіл халықтық талқыға салуы сынды көкейкесті мәселелерді көтеруі — бұның бәрі ғылымды және болу ұмтылысын байланысты экономикалық сараптамалық мақалалар сериясын да жариялаған осы Кенжекең. Осы жағынадарына қарап-ақ академик азаматқан өз уақытын соншама ұтымды әрі тиімді пайдалана алғанына таңғаласың. Одан тыс 14 докторлық, 38 кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекшілігі тағы бар. "Бұл кісі — қай уақытта дем алып, қай уақытта қонақ күтіп, қонаққа барып, қай уақытта кәскір атып үлгереді", — дерсің. Тіпті ауа алған сәрек мергежіңді де осы біздің Кенжекең. Әдетте кітап жазатын адамдардың елмен көп аралаусуға қалы да тие бермейді, тіпті анға да шығуға мұршасы болмайды. Осындай белсенділігі, қоғам мүддесін қорғаушылығы үшін, әрине, ғылымды қорғаушысының сыйлы орнына ие алмайды. Мұндай білімді, білікті сөзін ел тыңдайтын адамдар сәнсі партия, парламент, үкімет болсын, кез келген қоғамдық, мемлекеттік институттардың беделін де көтерері анық. Сондықтан да болар 2004 және 2007 жылғы Мәжіліс депутаттарының сайлауларында Кенжекең "Нұр Отан" партиясынан депутат болып сайланды. Қазақы комитетін басқарды. Талай-талай қажетті шешімдерге бастамашы болып келеді. Парламенттегі мүшелері Кенжекеңнің сөздерін ерекше ілтипатпен тыңдайды. Әсіресе, кезекті жылдың бюджеті туралы заң жобасы талқыланғанда депутат Сағадиевтің сараптамаларды өріптестерінің де, қоғамның да көңілінен шығып жатады. Сын-ескертпелердің дұрыс айтылғандығын Үкімет те мойындайды. Жақында ғана ел газеті — "Егемен Қазақстанның" бага қымбатгауына байланысты құрылысы тоқтаусыз қалған жаңа ғимараттың қосымша қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру қажеттігі жөнінде депутаттық сауалын бастамашылық жасағанын естіп, азамат ағамызға тағы сүйсіне түстік. Енді мәселенің түйіні табысқа-рына сенді.

Кенжекеңнің бауыры жылы, құшағы кең — Бәйкен Әшімов, Салық Зиманов, Сағадат Нұрмағамбетов, Жабайхан Әбділдин, Әбдікәмәл Нүрпейісов, Көкімбек Салықов, Төрегелді Шарманов сынақты ақылгой ел ағаларына мезгілінде сәлем беріп, кеңілін аудырып жүрген емес. Мырзатай Жолдасбеков, Камал Ормантаев, Өбіш Кекілбаев, Асанәлі Әшімов, Кемес Аукадиевтей құрдас замандастарымен оманда ортасында. Еш мен алшысты жағалаған інілері, қарындастарға жүрек жылылығын төк-тоқ болып. Ғұлама ғалымдар — Зейнолла Қабдолов, Манап Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин — сырлас, қымас достары еді. Олардың отбасының хал-ахуалын сұрап тұруға көңілін де, уақытын да жеткізіп жүреді. Ғалым ғаналы бауырмалды мен жылылығынан кім болса да "Осы Кенжекеңнің менен жақын адамы жоқ шығар" деп ойлап қалуы тың емес. Бұл да Кенжекене анасы Қаламқас Сәрдарбекқызының ақ сүтімен берілген асыл қасиеттерінің бірі демесек шарасжоқ. Сол адамгершілік қасиеттерін сақтап қана қоймай, ұстаздығында да, ғалымдығында да, қоғам қоғамдық да Кенжекеңнің келісті тұлға болып, ораса жүруіне жаның салып, рухани қорын байытып, жігері мен қуатын дамытып, күт берекесін шалқытып отырған жары — парасатты әрі мейірімді Ана, әпкемі Нағыпай Әбітайқызының еңбегі деуіміз де дұрыс болар.

Академик Кенжеғали Сағадиевтің өмір жолы мен мемлекетке еңбегі кемге, қай ұрпаққа болса да үлгі болардың енеге.

Елдің өркендеуіне қазмет етуден қажымай кеге жатқан замандас әзамат Кенжеғали Әбеңұлын әрі таза, қоғам алдында парызын өтей алған азаматтығы мен парасаттығы бнік, кемел ғылым — Академик деуге толық мүмкіндігімі бар.